

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Сорная және Мостовая шағын өзендерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 220 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 7325 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

#### Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-балтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұсташа мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Сорная және Мостовая шағын өзендерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Сорная және Мостовая шағын өзендерінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Күршім ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Д. Ахметов*

### "КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасы*

*Экология, геология және табиғи ресурстар*

*министрлігі Су ресурстары комитетінің*

*Су ресурстарын пайдалануды реттеу*

*және қорғау жөніндегі Ертіс бассейніндік*

*инспекциясының басшысының міндетін атқарушы*

*E. Камбаров*

*2020 жылғы "\_\_\_"*

*Шығыс Қазақстан облысы*

*әкімдігінің 2020 жылғы*

*2 шілдедегі № 220*

*қаулысына қосымша*

## **Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Сорная және Мостовая шағын өзендерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

| Су<br>оның участкесі  | объектісі, | Су корғау аймағы |                |            | Су корғау белдеуі |                |            |
|---|------------|------------------|----------------|------------|-------------------|----------------|------------|
|   |            | Ұзындығы<br>, км | Ауданы<br>, га | Ені<br>, м | Ұзындығы<br>, км  | Ауданы<br>, га | Ені<br>, м |
| 1   | 2          | 3                | 4              | 5          | 6                 | 7              |            |
| Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Сорная шағын өзендерінің жағалауы |            |                  |                | 300<br>-   |                   |                |            |
| с о л   | ш ағ       | 700<br>235,2     | 7 , 7          | 57,7       | 75                |                |            |
| он жағалауы   | а л а у    | 6,2              | 248,5          | 250<br>6,8 | 51,1              | 75             |            |
|   |            |                  |                | -<br>500   |                   |                |            |
|   |            |                  |                | 200        |                   |                |            |

|   |          |       |     |       |      |    |  |
|---|----------|-------|-----|-------|------|----|--|
| Ауыл шаруашылығы жаңуарларын жао үшін аукцион         |          |       |     |       |      |    |  |
| арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы | 5 , 9    | 415,3 | 700 | 8 , 8 | 66,6 | 75 |  |
| Мостовая  | шагын    | 272,1 | 500 | 6,3   | 47,2 | 75 |  |
| с о л   | өзенінің |       |     |       |      |    |  |
| он жағалауы   | жағалауы |       | -   | 600   |      |    |  |

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілгенжобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК